

# Ғалымды құттықтады

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ұжымы Коммерцияландыру және бизнес-инкубациялау жобалық кеңсесінің басшысы, доцент, экономика ғылымдарының кандидаты Гүлшат Айшеваны 50 жасқа толған мерейтойымен құттықтады. ҚР Технологияларды коммерцияландыру бойынша альянсының мүшесі, ҚР БҒМ «Үздік оқытушы» атағы мен грантының иегері, 200-ден астам ғылыми және оқу-әдістемелік жарияланымдардың, оның ішінде 11 монографияның, 15 оқу құралының, екі ҚР патентінің авторы Гүлшат Айшеваға сол күні көптеген әріптестері жылы лебізін арнады.

— Сіз өзіңізді ұлағатты ұстаз ғана емес, ғалым, ұйымдастырушы ретінде де жан-жақты қырыңыздан көрсетіп келесіз. Ғалым ретінде өз еңбектеріңізді жергілікті деңгейден бөлек халықаралық деңгейде де дәлелдедіңіз, — деген университеттің ғылым жөніндегі проректоры Әлжан Шәмшіден кеш иесіне БҚАТУ-дың басқарма төрағасы-ректоры А.Наметовтің құттықтау хаты мен гүл шоқтары табыстады. Айтулы шарада техникалық даму орталығының директоры Айгүл Казамбаева мерейтой иесінің өмір жолымен таныстырды. Жәңгір хан университетінде 1996 жылдан бастап 28 жыл жұмыс жа-

саған Гүлшат Айшева АҚШ-та, Оксфорд колледжінде және Оңтүстік Чехия университеттерінде тағылымдамадан өткен білікті маман. Қытай Халық Республикасында және Ресей елінде өткен инновациялық технологиялардың халықаралық көрмесіне қатысып, тәжірибе жинақтаған. TechnoPRIZE инновациялық жобаларын коммерцияландыру бойынша халықаралық және республикалық конкурстардың, Технологияларды коммерцияландыру реакторларының, Астана экономикалық форумы аясындағы «Бизнес-ангелов» үздік жоба байқауларының жеңімпазы атанған екен. Осы шарада М.Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан университетінің ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Қажымұрат Ахмеденов бір кездері Гүлшат Амангелдіқызымен әріптес болып, бірге жұмыс жасағанын, алғаш рет Орал қаласында коммерцияландыру кеңсесі ашылғанда Жәңгір хан университетінің көптеген ғылыми жобаларын коммерцияландыру деңгейіне жеткізгенін атап өтті. — Көбік бетон, көбікті шыны, бекіре балығы, кроссбердті қой шаруашылығы сынды университеттің техникалық және ауыл шаруашылығы бағытындағы жобаларына өз үлесін қосып, отандық ғылымды дамытуға атсалысты, — дей келе, Махам-



бет университетінің басшысы мен бір топ ғалымдарының құттықтауын жеткізді. Бұдан соң Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институтының директоры Жанар Ержанова, Агротехнологиялық институтының директоры Марат Оңаев, Сынау орталығының директоры Индира Бейшова,

Техникалық даму орталығының директоры Айгүл Мамайқызы, «Парасат» ақпараттық білім беру орталығының директоры Айгүл Есенаманова және басқа да әріптестері құттықтап, ізгі тілектерін арнады. Мерейтой иесі де барша әріптестеріне ризашылығын білдірді.